

## Байғанин ауданының білім бөлімі

Мектепке дейінгі тәрбие және оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған мектепке дейінгі ұйымдардың тізбесін қалыптастыру жөніндегі комиссия отырысының

### №2 ХАТТАМАСЫ

« 15 » қаңтар 2025 ж.

Төрағасы - Дабысов Мұрат Қосайұлы  
Хатшы - А. Қалданова

Қатысқандар: 7

#### Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» №381 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымның мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған мектепке дейінгі ұйымдардың тізбесін жариялау.
2. Мектепке дейінгі ұйымға ұсынылған құжаттарды қарау бойынша комиссия шешімін шығару.

**Сөйледі:** Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Байғанин ауданының білім бөлімінің әдіскері Ж Токсанбаева өз сөзінде «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу тапсырысын орналастыру» ережесімен таныстырды. -Жалпы бұған дейін де мемлекеттік тапсырыс алып отырған балабақша ғой. Медициналық кабинетке лицензия алған. Санитарлық-эпидемиологиялық ұйымның қорытындысы бар. Балабақша бейнебақылау камераларымен қамтылған.

**Сөйледі:** Заңгер Н.Ноғаев: -Мектепке дейінгі ұйымдар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын алуға конкурстық рәсімге қатысу үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
  - 2) мектепке дейінгі ұйым басшысының қолымен және мөрімен расталған бейнебақылау камераларын, дабыл түймешесін және дауыстық хабарландыруды орналастыру сызбасы;
  - 3) Санитариялық қағидаларға сәйкес тәрбиеленушілерді (сыйымдылығы үш топқа дейін болған кезде) медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға арналған бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету аумақтық ұйымымен шарт;
  - 4) штаттық кестенің және педагогикалық немесе бейіндік білімі бар педагогтердің белгіленген үлгідегі білім туралы құжаттарының көшірмелері;
- Осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынғаннан кейін Комиссия мемлекеттік электрондық ақпараттық жүйелер ("электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz)) арқылы мынадай құжаттардың барын және жарамдылығын тексеруді жүзеге асырады:

1) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы Заң) сәйкес мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалар;

2) медициналық көмек көрсетуге (медициналық қызмет көрсету) шарт болмаған кезде медициналық қызметке лицензиялар;

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәліктер, жылжымайтын мүлікке (жалға алынған) құқықты белгілеуші және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамалар;

4) "Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының объектілеріндегі эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2022 жылғы 21 маусымдағы № 29/ке бұйрығына (Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының нормативтік құқықтық актілерді тіркеу № 28566 тізілімінде болып тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымның санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды (бұдан әрі-санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды);

5) Конкурса құжаттарды тапсырғанға дейін бір айдан аспайтын мерзімде мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін есеп бойынша берешегінің жоқ (бар) екені туралы мәліметтер- деп 381-бұйрықтың тармақтарымен таныстырып өтті.

**Сөйледі:** Ақтөбе облыстық ерікті мүгедектер қоғамы қоғамдық бірлестігі, Байғанин аудандық филиалы төрайымы Шекеева Наталья: - Ұсынылған құжаттарға сәйкес комиссия мүшелері Жеке кәсіпкер "Ізімова А.І" «Әсем» балабақшасының құжаттарын қарап шығып, талапқа сай деп қорытынды жасап отырмыз.

**Сөйледі:** Комиссия төрағасы М.Дабысов- Комиссия отырысында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған ЖК "Ізімова А.І" «Әсем» балабақшаның құжаттары қаралды. Құжаттары № 381- бұйрыққа сәйкес түгел тапсырылған. Комиссия мүшелері балабақшалардың өтініштері бойынша құжаттары толық қаралды. Бәріміз көріп отырмыз баланың қауіпсіздігі мен жайлылығы үшін жағдайлар жасалған және дамытушы орта жасақталған. Мектепке дейінгі ұйым мемлекеттік білім беру тапсырысын алу үшін тізімге 15 орын қосымша енгізілсін деген қорытындыға келіп отырмыз.

#### Қаулы:

1. Құжаттарын тапсырған ЖК "Ізімова А.І" «Әсем» балабақшасы мемлекеттік білім беру тапсырысын алу үшін 90 орын болып тізімге енгізілсін.

Комиссия төрағасы: Das Дабысов.М.Қ.-Білім бөлімінің басшысы

Комиссия мүшелері: Токсанбаева Ж - Білім бөлімінің МДҰ әдіскері

Ноғаев.Н.М-Білім бөлімінің заңгері

Төжімұратов Б - Байғанин аудандық қоғамдық кеңес төрағасы

Шекеева Н- Ақтөбе облыстық ерікті мүгедектер қоғамы қоғамдық бірлестігі, Байғанин аудандық филиалы төрайымы

Жанин Н - «АМАНАТ» партиясы Байғанин ауданының филиалының атқарушы хатшысы

Жартина А- «Жем – Сағыз» газетінің тілшісі

Қалданова А- Хатшы:

